

оқушы былайша толғанады: «Ыбырай ата!

Сіз артыңызда өшпес із, алдыңызға мәңгілік жол қалдырдыңыз Мен сізді көз алдыма өзен арнасы деп, ал шәкірттеріңізді, яғни, бізді сол арнамен аққан суға балаймын. Сіз – ел үшін бәйтерексіз, біз – сол бәйтеректің жапырағымыз. Талай бүлдіршіннің білімге деген қиялды арманын шындыққа шығардыңыз, оларға жаңа өмір есігін аштыңыз..... XXI ғасырдың табалдырығын аттаған болашақ шәкірттеріңіз де сізге бас иеді, сіздің еңбектеріңізді жалғастырады. Сіздің асқақтаған арманыңыз – қазақ даласында ұран боп, қазақ халқының ұмытылмас асыл мұрасы боп сақталып қала бермек. Ыбырай ата! Біз сіздің болашақтан күткен үмітіңізді ақтаудамыз. Күзгі салқынмен келетін алғашқы қоңырау үнін асыға күтеміз, онда Ыбырай Алтынсарин деген есім міндетті түрде салтанатпен аталады. Ата, мен сіздің асыл бейнеңіз алдында ұмытылмас еңбегіңізге бас иемін!». Осылайша Ыбырай мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, өнегесін үлгі етіп, үйрете беру ұстаздар еңбегінің бір қыры болуға тиіс. Ал педагогикалық идеяларын ұстаздар арасында насихаттау, бүгінгі күн талабына сай оқу мен тәрбиенің бірлігін сақтай отырып, саралай білу, ілгері дамыту – бәріміздің де ортақ іс, қасиетті борышымыз.

«Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!»

Алтынсарин творчествосының өзегі болып отырған осынау жыр жолдарын оқушы «Әліппеден» оқиды. Оқушы санасында алғаш рет білімнің, өнердің түсінігі осы өлеңмен беріледі. Қазақ даласында тұңғыш рет білім соқпағын салушы, демократ-ағартушы Ыбырай Алтынсарин творчествосының негізгі арқауы халқын өнер-білімге үндеу болды. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары тұңғыш рет мектеп ашып, сол заманның тыныс-тіршілігін өзінің ағартушылық, қоғамдық қызметіне арқау етеді [5,60б.].

Қорытындылай келе: Еліміздің ғалымдары мен педагогтарының алдында әлеуметтік және қоғамдық-саяси маңызы зор үлкен міндет тұр.

Ол – Қазақстан Республикасы білім беру ісінің жаңа парадигмасын жасау. Бұл міндет ғылыми және педагогикалық қауымдастықтардан өткенді бағалап, болашақ даму жолдарын анықтап, оқу-тәрбие үрдісінің барлық құрылымдық принциптерін, әдістері мен тәсілдерін қолдана алу үшін, жан-жақты талдау мен бай педагогикалық мұраны шығармашылықпен пайдалануды талап етеді.

Осы орайда қазақ даласының бір туар азаматы, ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесінің берері мол. Себебі, осыдан ғасырдан астам уақыт бұрын Ы.Алтынсариннің көксеген арманы жалғасын тауып, ұлт тағдырының, ұрпақ тағдырының болашағын меңзейтін мәселелердің бірі – білім жүйесінің ұлттық негізде болып, ал қазақ халқының дамыған елу ел қатарына қосылуы.

Педагогтар қауымдастығының алдында тұрған мәселенің шешімін табудың бір жолы Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесін, еңбектерін, дүниетанымын, көзқарастарын зерттеп, оның құндылықтарын болашақ ұрпақ игілігіне пайдалану болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. **Мусин С.** «Из истории учебно-воспитательной работы Казахской Советской школы Казахской АССР (1920-1936): дис.кан.пед.наук. – Алматы, 1960. – 168 б.
2. **Сембаев А.И.** Очерки по истории казахской советской школы. Алматы, 1958. – 230 б.
3. **Сейталиев Қ.Б.** Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991 ж.ж.): пед.ғылым.кан.дис. – Алматы, 1996. – 170 б.
4. **Тажимаев Т.Т.** Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века. – Алматы, 1958. – 140 б.
5. **Қалиев С.Қ.** Қазақтың тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. дисс. Авторефераты. – Алматы, 1996. – 60 б.

УДК 371(574):373(072)

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ

Бекмаганбетова Г. К. – педагогика ғылымдарының магистрі, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мектепке дейінгі және орта білім бойынша әдістемелік кабинетінің білім мазмұнын қолдау бөлімінің әдіскері.

Дильдибекова Г. А. – педагогика ғылымдарының магистрі, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мектепке дейінгі және орта білім бойынша әдістемелік кабинетінің әдіскері.

Берілген мақалада автор жаңашыл педагог Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өзектілігін көрсетеді. Оның еңбектері мектеп мұғалімдері үшін бағдар екені туралы айтылады. Автор мұғалім қызметінде Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасын халықаралық PIRLS зерт-

теуіне білім алушыларды дайындау үшін қалай қолдануға болатынына мысал келтірілген.

Түйінді сөздер: Ы.Алтынсариннің өмірі, педагогикалық жолы, оқу сауаттылығы, PIRLS зерттеуі, тапсырмалар.

Қазіргі уақытта қазақстандық мектептерде білім беру мазмұнын жаңарту жүріп жатыр, сондықтан мектептерге жаңа формация мұғалімдері қажет. Біздің жерлесіміз, ағартушы, жаңашыл педагог Ы.Алтынсариннің бойында новаторлық идеялары бойында тұнып тұрғаны анық. Осы идеялардың заманауи мұғалімнің бойында болуына қажеттілік туындап отыр. Ең бастысы, атақты жерлесіміздің ойы – мұғалімге бағытталған, ол білім алушылардың тұлға ретінде қалыптасуына, дамуына, оның білімді, тәрбиелі, мәдениетті болып қалыптасуына жол көрсетеді. Керемет бағдарлама, оқулықтар, оқу құралдары ұстазсыз еш қажеті жоқ қағаз болып қала береді.

Барлығы ұстазға байланысты. «Педагог мәртебісі» Заңы ұстаздарға қажетті жағдай жасап отыр. Енді ұстаздар тек өздерінің жан-жақты дамуы, өзінің шығармашылық деңгейлерін арттыру, кәсіби шыңға шығу мүмкіндігі болып отыр. Жыл сайын өздерінің құзыреттіліктерін дамыту, кәсібилік деңгейлерін Ы.Алтынсариннің өмірі негізінде жетілдіру мақсатын қоюы керек.

XX ғасырда ескі білімнен жаңа өмір, жаңалықтарға жету үшін Ы.Алтынсаринге қиындықтарды жеңу, өз жолын, өзін табу, өзін жан-жағына таныту, өзі ашқан жаңалықтарын халыққа жеткізуі арқылы халықаралық деңгейде халық ағартушысы ретінде танылуына мүмкіндік берді. Жеңіл жолмен жетістікке жету мүмкін емес. Барлығына тек қана күнделікті, қажырлы еңбек арқылы ғана жетуге болатынын Ыбырай Алтынсариннің тәжірибесі арқылы көруге болады.

Ыбырай Алтынсарин – бірегей тұлға. Ол жай ғана ұстаз емес, ол жан-жақты қызығушылықтары мен танымдары бар, ол өз халқының салт-дәстүрін, халық ауыз әдебиетін, өз елінің тарихын жетік білген адам. Ол төрт тілді жетік меңгерген [1, с.199-200]. Бұл жағдайлар оны қоршаған замандастарының арасынан ерекшеледі, оны педагог ретінде байытты. Ол өзінің педагогикалық жұмысын әр түрлі лауазымдармен бірге қатар алып жүргені де кездейсоқ емес. Мектептерде жаңару жұмыстары жүріп жатқан кезде мектептерге жаңа формациядағы ұстаздар қажет. Сондықтан да Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметі, оның іскерлік құзыреттіліктері біздің ұстаздарға үлгі болу қажет деген ой туындайды. Жылдар өтіп жатыр, бірақ бір уақытқа да біз Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық тәжірибесі тыс қалдырмаймыз, өзімізге қажет жерлерін алып, пайдаланып келеміз. Оның өмірі мен қызметі ұстаздар үшін педагогикалық шеберлігін және өз еңбегіне деген шығармашылық қатынас сабақ болып қала береді деген ойдамын.

«Ыбырай Алтынсариннің тәжірибесі бізге не береді, бізді не нәрсеге үйретеді?» – деген ой туындайды. Ұлы ұстаз, ағартушы білімге рухани құндылық ретінде қарастырады, білімнің адам өмірі мен қоғам өміріндегі маңызды рөлін мәдениеті, ғылым, зерттеуді дамыту қажеттілігімен нақтылайды [1, с.200], бұның барлығы қазіргі мектептің бүгінгі тірлігімен пара пар келіп отыр. Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» деп оқуға шақырған өлең жолдары жастарды білім алуға келіп, білім алу қажеттігін нақтылайды [2, с.44]. Білімнің адам өміріндегі орнын, өмірлік жолын анықтауға мүмкіндік береді. Ы. Алтынсарин әр мектепте кітапханаларды ашты, осы мәселеге көп көңіл бөлді [2, с.18]. Білім алушылардың оқу сауаттылығының маңыздылығы қазіргі уақытта да өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі таңда білім алушылар арасында компьютердің орны ерекше болып тұр, ақпараттық сауаттылық та қажет, бірақ бұл білім алушылардың логикалық ойы мен тілін дамытпайтынын есте сақтау қажет. Оқу сауаттылығын дамыту бұл отбасы мен мектептің басты міндеті.

Ата-аналармен жұмыс барысында балаларды ерте жастан кітап оқуға үйретуге кеңес береміз, бұл үшін қызықты және нұсқаулық бағыттағы әдебиеттерді таңдау арқылы қызығушылықтарын дамыту қажет. Осы таңдап алынған әдебиеттер арқылы бірге оқу, дауыстап оқу, кітапта берілген суреттер арқылы әңгіме құрастыру, суреттер салуға, балаларға арналған газет, журналдарға жазылуға болады. Оқу сауаттылықтарын арттыруға арналған уақытты пайдалы деп қарастыру керек. Қазіргі уақытта көптеген отбасылар әдебиет кітаптар сатып алмайды, көптеген үйлерде кітап сөрелері жоқ, осы сөрелерді интернет оқулықтар басып алған, немесе мүлде кітап оқылмайды. Білім алушыларда тек қана өздерінің сыныптарына ғана қажетті оқулықтар ғана бар. Ерте заманнан «Кітапсыз үй – өмірі жоқ үй» деген сөз қалған. Қазіргі уақытта мына шығыс мақалын естен шығармау керек деп ойлаймын: үш күн кітап оқымасаң – сенің тілің өзінің тартымдылығын жоғалтады [3, с.250].

Тілдің басты құралы қарым-қатанис. Оқу сауаттылығын дамыту барысында ақпараттық жағына емес ой толғауға, жеке қабылдауға, дереккөз мазмұнына оқушының өз ойын білдіре беруіне ерекше назар аудару керек. Алтынсарин балаларға деген әкелік қамқорлығын білдіре білді: құрмет, олардың қажеттілігіне көңіл бөлу, дер кезінде көмек көрсету. Педагог Ы.Алтынсариннің осындай қатынас мәнері оның адамгершілігі мол екендігін көрсетеді, соның негізінде – адамгершілік, баланың ең құнды екендігін тану жатыр. Мектеп табалдырығын аттаған оқушы өзін көңілсіз сезіндеуі керек, қорқыныш сезімдерінің орнына жаңаны тану арқылы қанағаттану, ұстазының жүзінен жылылықты сезінуі, мейірімділікті көруі қажет, өйткені осының барлығы Алтынсариннің бойынан көрінді. Егер жаңа ғана оқушы атанған бала өзінің ұстазының тарапынан алтынсариндік қатынасты көрсе, онда ол баланың көңілі де, сабақтарға деген қанағаттану сезімі де жоғары деңгейде болатынын естен шығармау керек.

Осындай сабақтар – бұл сабақтар құрмет пен мұғалімге деген сенімділікті қалыптастырады.

Халық даналығы: «Тәрбие алтыннан да қымбат», – дейді. Алтынсариннің өзі тектілікке, жауаптылыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, үлкендерді терең құрметтеуге үлгі болды – осының бәрі оның бойынан көрініс тапқан.

Ы.Алтынсарин адамгершілік тәрбие беру жағына көп көңіл бөлді. Адамгершілік оның тұлға ретіндегі негізгі қағидаты болып табылды. Ыбырайдың адамгершілік қағидатына мына адами қасиеттер енді: еңбексүйгіштік, адалдық, мейірімділік, тектілік. Бұл білім алушылардың бойында да қалыптасуы қажет. Оның әр шығармасында еңбек өндіріс пен өмірдің негізі ретінде қарастырылды. Еңбекті оқыту мен тәрбиелеуге маңызды орын беріп, өзінің еңбегі барысында жүзеге асырып отырды. Сондықтан да ол ер балалар үшін де, қыз балаларға мамандандырылған мектептер ашуға тырысты, осы арқылы олар өздеріне қажетті мамандық алып шығу мүмкіндіктері болды [4, с. 511]. Еңбек ету бұл табиғи қажеттілік, ол әр адамның тәжірибесі арқылы жүзеге асады.

Ы. Алтынсарин халықпен бірге өмір сүрді, ол қазақ халқының салт-дәстүрлерін білді және өзінің шығармашылығында оларды дәріптеді. Ол халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарға және мәдени байланыстарға да ерекше мән берді [5,с.511].

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдері білім алушылардың қажетті қасиеттерін дамытуға бағытталған заманауи технологияларды пайдаланып жатыр, солар арқылы олардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін анықтайды.

Жаһандық әлем ең жоғары қарқынмен алға қарай жылжып бара жатыр. Әр күн сайын адам толып жатқан ақпаратпен ұшырасады. Бұл біздің білім алушылардан оқу құзыреттіліктерінің дағдылары жоғары болуын талап етеді. Уақыт өте оқу дағдылары мен әдеттерін өзгертіп отыр. Ең оңайы қысқа ғана ақпаратпен жұмыс жасау болып кетті. Ал бала өскен сайын ақпарат та өсіп отырады. Осы ақпараттарды дұрыс өңдеп, қажетін алып, қажет емесін алып тастауға үйрету қажет. Кітап құндылығын түсінуді қалай сақтап қалу қажет? Әр ел осы бағытта өздерінің жолдарын таңдап алып отыр. Оқу сауаттылығы әрқашан бастауыш сыныпта қалыптасатынын естен шығармау керек. Осы оқу сауаттылығы математикалық және ғылыми-жаратылыстану деңгейлерінің де деңгейін анықтайтынына ешкімнің таласы жоқ.

Қазіргі уақытта 4 сынып оқушыларының оқу сауаттылығының деңгейін анықтау үшін халықаралық PIRLS зерттеуіне қатысу қарсаңында бастауыш сынып мұғалімдеріне Ы.Алтынсариннің бір ғана мәтінін алып, білім алушылардың деңгейін бақылап көруіне мүмкіндік беруге болады.

Ы.Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі бойынша бірнеше тапсырма құрастырып көрейік. Бұл көркем әдебиет шығармасына жатады.

• Ақпаратты іздеуге арналған сұрақ.

1-тапсырма. Екі сөйлемді аяқтаңыз.

- Жоғарыда **қарлығаш немесе қарлығаштар** ұшып жүр.
- Аузында кесе тістеген **шөбі немесе шөптері** бар.

Жауабы:

- Жоғарыда **қарлығаш** ұшып жүр.
- Аузында кесе тістеген **шөбі** бар.

2-тапсырма. Осы әңгіменің негізгі ойы қандай?

Жауабы:

- Жұмыс істеуге әдеттену керек.
- Жұмыс істеуге болады. сыз жүрген бір жан жоқ.

• Қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға арналған сұрақ

3-тапсырма. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек. Неліктен?

Жауабы:

- Жұмыс жасасаң не қажет болса, соны сатып ала аласың.
- Жұмыс жасасаң тұрмысың жақсы болады.
- Жұмыс жасасаң ештеңең болмайды.
- Жұмыс жасамасаң, жалқау болсаң, сен ақылды боласың.

• Ақпаратты түсіндіру және жалпылауға арналған сұрақ

- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның талшығы бар, жүгіріп кетіп барады. Екі себебін жазыңыз.

Жауабы:

- Бала-шағасына тамақ тапты
- Тамақ тапқанына қуанып барады.

• Мәтіннің мазмұнын, тілін және элементтерін талдау және бағалауға арналған сұрақ

4-тапсырма. Мәтінде берілген суреттер әр жәндіктің әіс-әрекеттерін бейнелеген. Суреттер мәтіндегі ақпаратты қалайша толықтырады?

Жауабы:

- Суреттер арқылы әр жәндіктің іс-әрекетін түсінуге болады.
- Әр жәндіктің суретіне қарап, толық түсінуге болады.
- Суреттерге қарап, мәтіннің мазмұнын айтып беруге болады.

Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін осы жоғарыда келтірілген үлгі бойынша тапсырмалар құрастырып көруге болады.

• Ақпаратты іздеуге арналған сұрақ.

1-тапсырма. Екі сөйлемді аяқтаңыз.

- Үш жолаушы **бір немесе бірнеше** бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты.
- Бұлақ **бір немесе бірнеше** тастақ жерден шыққан.

Жауабы:

- Үш жолаушы **бір** бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты.
- Бұлақ **бір** тастақ жерден шыққан.

2-тапсырма. Осы әңгіме неліктен «Таза бұлақ» деп аталған?

Жауабы:

- Суы таза, мөлдір болған соң.
- Суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған соң.

• Қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға арналған сұрақ

3-тапсырма. «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол», – жазылған. Неліктен?

Жауабы:

- Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма.
- Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе.
- Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта.

• Ақпаратты түсіндіру және жалпылауға арналған сұрақ

- Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма. Екі себебін жазыңыз.

Жауабы:

- Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
- Еңбектің наты тәтті.

• Мәтіннің мазмұнын, тілін және элементтерін талдау және бағалауға арналған сұрақ

4-тапсырма. Мәтінде берілген сөздердің мағынасын түсінесің бе? Түсінуге қиын сөздер бар ма?

Жауабы: Оқушылар өздеріне қиын, түсініксіз болған сөздерін жазып, неге түсініксіз екенін ашық жауаппен жазу мүмкіндігі бар.

Дәл осы берілген үлгі бойынша Ы.Алтынсариннің барлық әңгімелерін халықаралық PIRLS зерттеуінің талаптарына сай, білім алушылардың оқу сауаттылықтарын дамытуға болады.

Ы.Алтынсарин өзінің мұрасы арқылы бізді білімді және тәрбиелі болуға үйретеді, білім беру процесіне білім мен еңбектің маңыздылығын, өз мектебі мен өз елінің патриоты болуға үйретеді.

Педагогтың шығармашылық бағыты – үздіксіз педагогикалық ізденіске, тиімді әдістемелік технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізіп отыруға шақырады.

Ы.Алтынсариннің тәжірибесі оқу пәндеріндегі берілген тәрбиелік мүмкіндіктерді кеңінен қолдану қажеттігін алдыға тартады. Әр пән өзінің мазмұны арқылы тәрбие береді, білім алушылардың құзыреттіліктерін арттырады.

Ұлы ағартушы ұлттық дәстүрлерді құрметтуге шақырады. Білім алушыларға адамгершілік, рухани және еңбек тәрбиесі барысында ұлттық құндылықтарға оралып отыру керек.

Біздің жерлесіміз, ұлы педагог өз елінің табиғаты сақтау және қорғау қажеттілігін өзінің өлең шумақтары арқылы берген. Әр білім алушы өзінің кіші отаны арқылы өз жерін, елін, табиғатын сүюге тәрбиелеу маңызды.

Ы.Алтынсариннің табысты педагогикалық қызметінің тәжірибесі қазіргі мұғалімді өзінің жеке даралығын және заманауи мектепте сұранысқа ие болу қабілетін көрсете отырып, шабыттанған, шығармашылық ойлауға қабілетті және мобильді ретінде көруге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы мектептік білім берудің даму шежіресіне енген Ыбырай Алтынсариннің тұлғасы біз үшін, жаңа уақыт мұғалімдері үшін, оның прогрессивті гуманистік мұраттарына еліктеу мен ұстанудың шабыт беретін үлгісі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. **Қазақстан. 5 томдық Ұлттық энциклопедиясы** Т.1. Ы. Алтынсарин [Мәтін] /Алматы, 2004. – 560 б.

2. **И. Алтынсарин.** 3 томдық шығармалар жинағы. Т.З.[Мәтін] /Алма – Ата:Наука, 1978. – 352б.
3. **Шығыс даналығы:** Азия халықтарының мақалдары мен жаңылтпаштары [Мәтін] / ИД «Кочевники». – Алматы, 2002. – 517б.
4. **Қазақ кеңес энциклопедиясы** / Гл. ред. М.К. Козыбаев. А – А, 1981. – 704б.
5. **«PIRLS құралдары мен бағалау технологиялары».** Жинақ – АО ИАҚ: Астана, 2017 – 92 б.
6. **PIRLS халықаралық зерттеуінің құралдары,** Астана, 2016 ж.

ӨОЖ 37.02

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Бердигалиева А. А. – бастауыш сынып мұғалімі, Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданы, Бумақөл мектеп-бөбекжай-балабақша кешені.

Мақалада Ы.Алтынсариннің педагогикалық ой-пікірлеріне теориялық және тәжірибелік талдау жасалынған. Автор Ы.Алтынсарин еңбектеріндегі оқыту мен тәрбие мәселесі бүгінгі заманауи педагогика идеясымен сабақтастықта қарастырған. Сонымен қатар мақала мазмұнында бүгінгі білім саласында болып жатқан реформалық өзгерістер айқындалады.

Кілт сөздер: білім беру үрдісі, педагогикалық сабақтастық, идеялардың жаңашылдығы, қазіргі білім беру парадигмасы, заманауи реформалар, педагогикалық идеялар, педагогикалық процесс, интеграциялық байланыс, білім беруді модернизациялау.

Тәуелсіз Қазақстан қазіргі кезде әлем қауымдастығынан өзінің дамуы мен қалыптасу тенденциясына сәйкес орын алуға ұмтылуда. Осындай күрделі де сындарлы жолда ұлттық мәдениет пен тарих ұстанымдарына, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларға соқпай өту мүмкін емес. Сондықтан да өткенді зерделеу, ұлы тұлғалардың мұраларын саралау, дүниетанымын зерттеу, көзқарастарына баға беру бүгінгі білім мен ғылым алдындағы жауапты міндеттердің бірі болып табылады. Дала өркениетіне рухани мұра қалдырған қазақ ағартушыларының бірі – Ы.Алтынсарин.

Әр заман, тарихи әр кезең, әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін дүниеге әкеледі. Олар елдің жағдайын көре біліп, халқының болашағы үшін қызмет етеді. Олардың мұралары ғасыр бойы жалғасып, жастарды оқыту мен тәрбиелеуде қолданылып келеді. Бұл дәстүр ұрпақ сабақтастығы мен интеграциялық байланысты айқындайды.

Тарих беттеріне үңілетін болсақ, Ы.Алтынсарин өмір сүрген кезең білім индустриясының жаңа бағытымен сипатталады. Ыбырай Алтынсарин өзінің бар ғұмыры мен күш-қуатын қазақ халқын рухани ағартуға арнады. Әсіресе, жастарға заманауи білім беріп, мәдениет пен өркениет көшіне ілесуге шақырды және сол жолда аянбай жұмыс атқарды. Ыбырайдың жазушылық қызметінің оқу және өнер-білім саласымен тікелей сабақтасуы да осында болса керек. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітірген басты нысана – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, ұлтымызды озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды. Ыбырай Алтынсарин халық ағарту саласында қандай елеулі орын алса, әдебиет пен мәдениетіміздің тарихында да сондай биік дәрежеде тұр.

Ақынды қазақтың жазба әдебиеті мен тілінің негізін қалаушылардың бірі ретінде де танимыз. Ол қазақ әдебиетіне тың серпіліс әкеліп, жаңа жанрлар енгізді. Оның терең ойлы шығармалары, мағыналы да тағылымды өлеңдері, қысқа да нұсқа әсерлі әңгімелері қай дәуірдің жастарына да нәр беріп, сусын болары анық. Мысалы, «Әке мен бала» әңгімесін талдайтын болсақ, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасын, ұрпақ сабақтастығы мен дәстүр жалғастығын көреміз. Еңбек тәрбиесі әңгіменің негізгі идеясы болып табылады. Еңбекке үйрету арқылы болашақ ұрпақты гуманизм концепциясы негізінде тәрбиелейді. Бүгінгі педагогикалық идеялармен сабақтастығын байқаймыз.

Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан,

Іздемей-ақ, табылар [2] – деген өлең жолдары арқылы ақын, жастарды білім алуға, әлем мәдениетімен танысуға шақырады. Ы.Алтынсарин идеялар білім алу мен тәрбие мазмұнына бағытталған. Қай шығармасын алсақ та, терең ой, мағыналы сөздер жатыр. Жазушының өмірі мен шығармашылығы шексіз, оның тұңғығына жету мүмкін емес. Тұңғығына бойлаған сайын тереңдікті сезінесін. Сондықтан да жазушының әр шығармасы құнды. Ол білім арқылы қараңғылықтан құтылуға болатындығын халқына дәлелдеді. Жарқын болашаққа тек біліммен жетуге болады деп есептеді. Бұл идея бүгінгі заманауи педагогиканың негізгі кредосы болып табылады. Себебі, Қазақстанның өркениетті мемлекеттердің қатарына ену стратегиясын жүзеге асыру үшін отандық білім беру саласын дамыту қажет.